

ӘОЖ 343.3/.7

DOI: 10.54649/2077-9860-2024-2-58-63

Н.Д. Тлешалиев¹

¹ Ph.D, қауымдастырылған профессор,
Каспий қоғамдық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

Р.Н. Жалғасов²

² Каспий қоғамдық университеті
Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы

ӘСКЕРИ ЖАРҒЫЛЫҚ ҚАРЫМ ҚАТЫНАСТАРҒА ҚАРСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ ТҮСІНІГІ

Аңдатпа

Мақалада әскери жарғылық қарым қатынастарға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың кейбір мәселелері қарастырылған. Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына талдау жасалынған. Әскерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға назар аударылады.

Түйінді сөздер: әскерге шақыру бойынша әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілер, әскерге шақыруды кейінге қалдыру, қылмыстар, қылмыстық теріс қылық, азаматтық талап, кінәні мойындау, әскерге шақырылушылар, әскери атақ

Н.Д.Тлешалиев¹

¹ PhD, ассоциированный профессор,
Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

Р.Н. Жалғасов²

² Каспийский общественный университет,
Республика Казахстан, г. Алматы

ПОНЯТИЕ УГОЛОВНЫХ ПРАВОНАРУШЕНИЙ ПРОТИВ ВОИНСКИХ УСТАВНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Аннотация

Статья рассматривает некоторые аспекты уголовных правонарушений против воинских уставных отношений. Проанализирован состав уголовных правонарушений. Уделено внимание требованиям по обеспечению правопорядка в армии.

Ключевые слова: военнослужащие, проходящие воинскую службу по призыву, отсрочка от призыва, преступления, уголовный проступок, гражданский иск, признание вины, призывники, воинское звание

N.D. Tleshaliyev¹

¹ Ph.D, Associate Professor,
Caspian Public University,
Republic of Kazakhstan, Almaty
E-mail: nurlan.tleshaliev@mail.ru

R.N. Zhalgasov²²Caspian Public University
Republic of Kazakhstan, Almaty**THE CONCEPT OF CRIMINAL OFFENSES AGAINST MILITARY STATUTORY RELATIONS****Annotation**

The article deals with some aspects of criminal offenses against military statutory relations. The composition of criminal offenses is analyzed. Attention is paid to the requirements for ensuring law and order in the army.

Key words: military servicemen undergoing conscription, deferment of conscription, crimes, criminal misdemeanors, civil lawsuits, guilty pleas, conscripts, military rank

Әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі.

Әскери қызметшілер – Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда әскери қызметте болатын Қазақстан Республикасының азаматтары [1].

Қарулы Күштердегі, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардағы әскери қызметтің құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заңда көзделген ерекшеліктерімен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, құқық қорғау органдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңдары және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды [2], [3].

Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңына сәйкес, 2) арнаулы әскерлер – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлер мен әскери құралымдардың жауынгерлік қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы міндеттерді орындауға арналған инженерлік және химиялық қамтамасыз ету, барлау, байланыс, радиоэлектрондық күрес, ақпараттық қауіпсіздік әскери бөлімдері мен бөлімшелері [4].

Арнаулы құралымдар – жұмылдыру жарияланған кезде өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын, көлікті, көлікинфрақұрылымы мен байланыс объектілерін күзету және оларды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды

орындау, медициналық қызметтер (көмек) көрсету, сондай-ақ төтенше жағдайларды оқшаулау және жою үшін мемлекеттік органдар және меншік нысанына қарамастан ұйымдар қорғаныс жүйесінде құратын құралымдар [4].

Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қаруланып қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзетуге және қорғауға, әуе кеңістігін күзетуге, заңсыз қарулы құралымдарға қарсы күресуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналған [4].

Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Президентінің шешімдері негізінде әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше ахуалдарды жою үшін, сондай-ақ терроризмге қарсы операциялар жүргізу, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын күзетуді күшейту және төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қатер төнгенде және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылғанда қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың кезекті халыққа Жолдауы өзінің маңыздылығымен ерекшеленді. Қарулы күштердің ардагері Серікбай Онбаев осылай дейді. Отставкадағы полковник 50120 әскери бөліміне барып, Шымкент аумақтық қорғаныс бригадасының әскери міндеттерімен кездесті. «Президент маңызды құжатта ел дамуындағы негізгі бағыттарды айқындап берді. Әсіресе, саяси,

экономикалық, әлеуметтік тақырыптармен қатар әскер қатарындағы заң мен тәртіптің сақталуына да көңіл бөлді» дейді [5].

Мемлекет басшысы өз сөзінде: «Әскер қатарында заң мен тәртіптің сақталуы айрықша маңызды міндет. Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуы тиіс. Қарулы күштер басқада күштік құрлымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылығы жауапты» — деді. Қоғам мен билік арасындағы қарым-қатынас мәдениетінің өзгергенін ескеріп: «Мемлекет пен қоғам арасындағы диалогтың сапасын одан әрі арттыра түсу үшін бәріміз адал, әрі әділ болуымыз, тек заң аясында әрекет етуіміз, берген уәдеміз бен ісіміз үшін жауап бере білуіміз керек», - деді Президент [5].

Кейінгі жылдары еліміздегі сарбаздардың әлімжеттіктің құрбаны болып, денсаулығынан айырылып жатқаны көпшілікті алаңдатты. Тоқаев осыған байланысты әскерде темірдей тәртіп орнату керегін алға тартты [6].

“Жастар әскерге Отан алдындағы борышын өтеуге барады. Жас сарбаздарымыз өз міндетін алаңсыз орындауы үшін әскер қатарында, ең алдымен, темірдей тәртіп болуға тиіс. Қарулы күштер мен басқа да күштік құрылымдар осы талапты мүлтіксіз орындауы қажет. Әр ата-ана әскерге кеткен баласын мемлекетке сеніп тапсырады. Сондықтан сарбаздардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне, ең алдымен, армия басшылығы және құқық қорғау мекемелерінің басшылары жауапты”, — деді президент [6].

Тоқаев көтерген тағы бір мәселе – азаматтардың қауіпсіздігі. Ол жеке адамнан бастап, тұтас қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету – мемлекет үшін стратегиялық маңызы бар басымдық деп атап өтті.

“Көптеген елде, тіпті кейбір дамыған мемлекеттердің өзінде қылмыс пен тәртіпсіздік өршіп тұрғанына қарамастан, біз соңғы жылдары қауіпсіз қоғам құру жолында едәуір жетістікке жеттік. Көшедегі, қоғамдық орындардағы қылмыс пен заңсыздық тыйылып келеді. Дегенмен арқаны кеңге салуға болмайды. Менің басты міндетімнің бірі –

Қазақстанды қауіпсіз әрі жайлы елге айналдыру. Құқық қорғау органдарына және басқа да жауапты мекемелерге азаматтардың қауіпсіздігін барынша қамтамасыз ету жүктелді”, – деп қосты ол [6].

Айтуынша, ішкі істер министрлігі ұсақ бұзақылық пен вандализмнен бастап, шетелдіктердің заңсыз көшіп келуіне және басқа да ауыр қылмыстарға қатаң тосқауыл қойып, дереу жолын кесуге міндетті. Тоқаев құқықтық мемлекетте қылмыс әлеміне орын жоғын және қарақшылықты түп-тамырымен жою керегін ескертті [6].

“Түрлі экстремистердің, оның ішінде әсірест діншілдердің де елге іріткі салатын әрекеттеріне қатысты ұстаным дәл осындай болуға тиіс. Құқық қорғау органдары кәсібилік, батылдық және табандылық танытуы керек”, — дейді президент [6].

ҚР ІІМ Шығыс өңірлік ӘТБ-де атап өткендей, әскери-тергеу органдары Семей, Аягөз, Өскемен және Павлодар гарнизондарының әскери қызметшілері арасында қылмыстарды анықтауға, жолын кесуге, ашуға және алдын алу жұмыстарына көп көңіл бөледі. Әрбір қылмыстық іс бойынша тергеушілер әскери бөлімдер мен құрамалар қолбасшылығының атына қылмыс жасауға және басқа да заң бұзушылықтарға ықпал еткен мән-жайларды жою жөнінде ұсыныстар енгізеді. Соңғы жылдары әскер мен әскери құрылымдардағы қылмыстың жай-күйін талдау барысында тіркелген қылмыстар санының азаюының тұрақты тенденциясы байқалады [7].

Егер 2020 жылмен салыстыратын болсақ, 2021 жылы әскери қызметшілермен жасалған қылмыстар саны 37,4%-ға төмендеді. Ауыр қылмыстар саны бірнеше есе азайды. Сондай-ақ, әскери қызметшілердің қатысуымен топтық қылмыстар жойылғанын атап өтуге болады. Қасақана ауыр дене жарақатын салу фактілері сияқты қоғамдық қауіпті қылмыстардың саны қысқарды, - деп атап өтті ҚР ІІМ Шығыс өңірлік ӘТБ басшысы Мұхамед-Қали Қарсыбеков. - Әскери-тергеу органдарының негізгі міндеттері, құзыреттері мен өкілеттіктері: әскери қылмыстарды және әскери қызметшілер жасаған, Ішкі істер органдарының тергеуіне жататын қылмыстарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу болып табылады [7].

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 440-бабына сәйкес, әскери қызметшілер арасында бағыныштылық

қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзу – әскери қызметшілер арасында бағыныштылық қатынастар болмаған кезде олардың арасындағы өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын жәбірленушіні ұрып-соғудан, денсаулығына жеңіл зиян келтіруден немесе өзге де күш қолданудан көрінген не оның абыройы мен қадір-қасиетін түсіруге немесе қорлауға байланысты бұзу болып табылады [7].

Қорғаныс министрінің Тәрбие және идеологиялық жұмыс жөніндегі орынбасары, генерал-майор Шайх-Хасан Жазықбаев әскердегі әлімжеттіктің азайып келе жатқанын айтты, оның пікірінше Кез келген оқиға бойынша мұқият тексеріс жүргізіліп, әскери басқару органдарының бірінше басшыларына қатаң тәртіптік және кадрлық шешімдер қабылданады. Бұл жерде біз қандай да шара қабылдасақ, бәрі қызмет ететін адамға байланысты екенін түсіну керек. Әскерге шақырылған азаматтар қазірдің өзінде қалыптасқан дүниетаныммен және отбасында, мектепте, достарының арасында алған тәрбиемен келеді. Мұндай жағдайда барлық тыйымдар мен шаралар дәрменсіз, - деді генерал-майор ОКҚ-да өткен брифингте [8].

Егер статистикаға жүгінсек, Қарулы күштердегі соңғы үш жылдағы жарғылық емес қатынастар мен қылмыстар саны 28 пайызға төмендеді. Бұл жердегі жарғы сәйкес емес қатынастар дегеніміз - "дедовщина". Бүкілі 12 әскери қызметші сотталды. Осы жылдың өткен кезеңінде жарғыға сәйкес емес қатынастың 13 фактісі тіркелді. Өздеріңіз көріп отырғандай, жылдан жылға төмендеп келеді. Сонымен бірге, Қарулы күштердің тиімділігі құқық бұзушылықтардың санымен емес, жауынгерлік дайындық тапсырмаларын орындау, Қарулы күштердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз етуде көрінеді, - дейді Шайх-Хасан Жазықбаев [8].

Ұлттық ұланның Бас қолбасшылығы 2021-2024 жылдар аралығында жалпы мерзімді шақырылымдағы **12 әскери қызметшісі** қаза тапқанын хабарлайды. Құзырлы орган жарақаттардың ауырлық дәрежесін анықтамай тіркейді.

Айтылған мерзім ішінде Ұлттық ұланда **10 офицер және 34 келісімшарт бойынша әскери қызметші** қайтыс болған. Ондағы әскери қызметшілері кісі өліміне қатысты қылмыстық

жауапкершілікке тартылмаған [8].

2021-2024 жылдар аралығында әскери қызметшілердің қайтыс болуына байланысты туыстарына жалпы сомасы 329,5 млн теңге өтемақы берілген (2021 жылы – 112,5 млн теңге, 2022 жылы – 62,5 млн теңге, 2023 жылы 39 млн теңге, 2024 жылы 115 млн теңге) [8].

Ұлттық ұлан Бас қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары Қ. Үмбетов Сарбаздар аналары комитетімен және олардың өңірдегі өкілдерімен тығыз қарым-қатынас орнатылғанын хабарлайды [9].

«Әскерде құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың жоғарылауын ескере отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдері өзгерді. Жаңадан «Тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмысты ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық» құжаттамасы қолданысқа енгізілді. Әскери басқару органының әрбір деңгейі бойынша заңдылық және құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету бойынша тапсырмалар мен практикалық шаралар қарастырылған», - делінген Үмбетовтың жауабында [9].

Ішкі істер министрінің бұйрығына сәйкес Ұлттық ұланның әскери полициясы Ішкі істер министрлігі әскери-тергеу департаментінің жедел бағыныстылығына берілген. Психологтардың штаттық саны 25 адамға (53-тен 78-ге дейін) өскен. «Психогигиена және психопрофилактика» апталығы өткізіліп, оған әскери прокуратураның, ресми діни конфессиялардың өкілдері, суицидологтар, азаматтық жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысады. Әлеуметтік зерттеу жүргізіледі [9].

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі 2021-2024 жылдар аралығында **9 мерзімді әскери қызметші** қайтыс болғаны (2021 жылы 3, 2022 жылы 5, 2023 жылы 1, 2024 жылы жоқ) жөнінде мәлімет берді [9].

«2021-2024 жылдар аралығында 40 мерзімді әскери қызметші ауыр дәрежеде жарақат алды. Осы аралықта қызмет бабында жүріп, 31 әскери қызметші қайтыс болды (5 офицер, 17 келісімшарт бойынша әскери қызметші, 9 мерзімді әскери қызметші, 2021 жылы – 10, 2022 жылы – 13, 2023 жылы 7, 2024 жылы – 1). Кісі өлтіргені үшін 1 әскери қызметші сотталды. 2021-2024 жылдар аралығында қызмет бабында қайтыс болған әскери қызметшілердің туған-туыстарына 398 млн теңгеден аса өтемақы төленді», - делінген жауапта.

Қылмыстық кодексте қылмыстық құқық бұзушылық ұғымына түсінік [9]. жоқ, десе де ҚР ҚК-те: «әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар – осы Кодекстің 18-тарауында көзделген, әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы бағытталған, шақыру бойынша не келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ запастағы азаматтар жиындардан өтуі кезінде жасаған іс-әрекеттер», деп көрсетіледі [10].

А.Н. Ағыбаев пікірінше, әскерге шақыру бойынша не келісім шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құрамаларында әскери қызмет атқарушы әскери қызметшілердің, сондай-ақ, запастағы азаматтардың жиындарын өту кезінде әскери қызмет атқарудың белгіленген тәртібіне қарсы кез келген қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауы әскери қылмыстық құқық бұзушылықтар деп танылады» [11, 335 б.].

С.С.Молдабаев ойынша, Қылмыстық құқықта осы белгілердің болуы қылмыстық жауапкершілік негізінің бар екендігін білдіреді. Өзгелер сынды әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың заңды белгілеріне объект, субъект, объективті және субъективті жақ жатады [12, 229 б.].

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың белгісі ретінде қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісін атауға болады, өйткені әскерге шақыру бойынша не келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарда әскери қызметті әскери қызметшілер мен жиындардан өту кезінде әскери қызмет атқарушы запастағы азаматтар атқарады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың объектісі туралы жалпы ілім объектіні жіктеу туралы маңызды мәселемен тығыз байланысты. Ол қоғамдық қатынастардың жалпы жүйесіндегі нақты объектінің орнын анықтау үшін қажет және оның маңыздылығын, құндылығын және оған қол сұғудың қоғамдық қауіптілігін зерделеуге мүмкіндік береді. Сол сияқты қылмыстық

құқық бұзушылықтардың объектілерінің жіктелуі қылмыстық заңнамада қылмыстарды жіктей отырып қолдануды жеңілдетеді.

Қылмыстық құқық ғылымында қылмыс объектісін үш мүшелі жіктеу қолданылады. Ол келесі элементтерден тұрады: жалпы, топтық, тікелей объектілер.

Жалпы объект деп қылмыстық қолсұғылушылықтан қылмыс заңымен қорғалатын игіліктер жиынтығын (мүдделер) түсінеміз.

Топтық объект деп қылмыстық қолсұғылатын біртектес игіліктердің тобы (мүдделер) аталады.

Кейбір авторлар қылмыс объектісін бес сатыға жіктеген:

- қылмыстық қол сұғушылықтардан қылмыстық құқық арқылы қорғалатын мүдделердің, барлық қоғамдық қатынастардың жалпы жиынтығы;

- интеграцияланған (топ үстіндегі) - қоғамдық қатынастар тобы, олардың негізінде қылмыс құрамы Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімінің дербес бөлімшелеріне бірігеді;

- біртекті қоғамдық қатынастардың тектік тобы (топтық объект белгісі бойынша Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлімі құрылады);

- Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінің нақты ережесімен қорғалатын нысан түрі;

Әскери қылмыстық құқық бұзушылықтың **тікелей объектісі** әскери қызметті атқарудың белгіленген тәртібінің белгілі бір бөлігін (жағын) білдіретін қандай да бір әскери құқықтық қатынастар болып табылады.

Сонымен, әскери жарғылық өзара қарым-қатынастың бағыныштылық тәртібіне қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтар деп әскери қызметшілер арасындағы бағыныштылыққа қатысты және бағыныштылық қатынас болмаған кездегі өзара қарым-қатынастардың жарғылық қағидаларын бұзумен ұштасқан әскери қызметтік міндеттердің қалыпты орындалуына нұқсан келтіретін, ҚР Қылмыстық кодекстің 437-440-баптарымен қылмыстық жауаптылық көзделген, айыпты жасалған қоғамға зор қауіп төндірмейтін, не қоғамға қауіпті іс-әрекеттерді айтамыз. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтардың тобын мына баптар құрайды: ҚК-тің 437, 438, 439, 440-баптары.

Пайдаланылған қайнар көздерінің тізімі:

1. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңы
5. Әскерде заң мен тәртіптің сақталуы маңызды міндет <https://ontustiktv.kz/kz/news/51357>
6. Мемлекет басшысы әскерде заң мен тәртіптің сақталуы айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды. <https://stan.kz/tokaev-sarbazdardin-densauligi-men-kauipsizdigine-asker-405625/>
7. Әскери қызметшілер мен жасалған қылмыстар саны 37,4%-ға азайды | <https://ustinka.kz/kz/proisshestviya/71239.html>
8. Әскерде жасалатын қылмыстар 28 пайызға төмендеген – министрлік <https://baq.kz/askerde-zhasalatyn-qylmystar-28-payyzga-tomendegen-ministrlik-341002/> 20.09.2024
9. «Армиядағы өлім қашан тоқтайды, мырзалар?!» әскерде көз жұмған сарбаздар саны жайлы. <https://qaz.ulyssmedia.kz/sarapta/19481-armiiadagy-olim-kashan-toktaidy-myrzalar-skerde-koz-zhumgan-sarbazdar-sany-zhaily/09.09.2024>
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
11. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 608 б.
12. Молдабаев С.С. Әскери қылмыстар: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2007. - 152 б.

References:

1. Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы № 561-IV Заңы.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды.
3. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ.
4. Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 қаңтардағы N 29 Заңы
5. Әскерде заң мен тәртіптің сақталуы маңызды міндет <https://ontustiktv.kz/kz/news/51357>
6. Мемлекет басшысы әскерде заң мен тәртіптің сақталуы айрықша маңызды міндет екенін атап өтті. Бұл туралы Stan.kz ақпарат агенттігі хабарлайды. <https://stan.kz/tokaev-sarbazdardin-densauligi-men-kauipsizdigine-asker-405625/>
7. Әскери қызметшілер мен жасалған қылмыстар саны 37,4%-ға азайды | <https://ustinka.kz/kz/proisshestviya/71239.html>
8. Әскерде жасалатын қылмыстар 28 пайызға төмендеген – министрлік <https://baq.kz/askerde-zhasalatyn-qylmystar-28-payyzga-tomendegen-ministrlik-341002/> 20.09.2024
9. «Армиядағы өлім қашан тоқтайды, мырзалар?!» әскерде көз жұмған сарбаздар саны жайлы. <https://qaz.ulyssmedia.kz/sarapta/19481-armiiadagy-olim-kashan-toktaidy-myrzalar-skerde-koz-zhumgan-sarbazdar-sany-zhaily/09.09.2024>
10. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ.
11. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық: Ерекше бөлім: оқулық. – Алматы: Жеті Жарғы, 2015. – 608 б.
12. Молдабаев С.С. Әскери қылмыстар: оқу құралы. - Алматы: Заң әдебиеті, 2007. - 152 б.